

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

А.О. Тоқсамбаева, З.Л. Ибрагимова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., Қазақстан

Аннотация. Мақалада орта мектепте қазақ әдебиетін оқытудың ұстанымдары, көркем шығармаларды оқытуда оқушылардың оқырмандық қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі қарастырылған.

Түйін сөздер: оқыту үдерісі, оқытудың міндеті, дидактика, дидактикалық ұстаным, көркем шығарманы оқыту.

Аннотация. В статье рассмотрены принципы преподавания казахской литературы в средней школе, научно-теоретическая основа развития читательских способностей учащихся при изучении художественных произведений.

Ключевые слова: процесс обучения, задача обучения, дидактика, дидактическая позиция, обучение художественному произведению.

Annotation. The article considers the principles of teaching Kazakh literature at secondary school, as well as the scientific and theoretical basis for the development of students' reading abilities during the analysis of the text of works of fiction.

Keywords: teaching process, teaching task, didactics, didactic position, teaching a work of art.

Қай пәнді болмасын оқыту әдістемесі мен әдіснамалық ұстанымдар педагогика ғылымының оқу-тәрбие беру жөніндегі барлық теорияларына, оның дидактика бөліміне негізделеді. Дидактика мен әдістеме – өзара тығыз байланысты болғанмен, әр бөлек ғылым салалары. Әдістеме мен дидактиканың зерттеу нысандары бір-біріне тығыз байланысты, бірақ бірдей емес. Дидактика оқу, білім, тәлім-тәрбие үдерістеріндегі теориялық мәселелер мен ережелерді, заңдылықтарды қарастырса, әдістеме осы ережелер мен заңдылықтарды тікелей жүзеге асыру үшін қолданылатын нақтылы әдістер мен тәсілдерді, оның тиімді де, сапалы жолдарын қарастырады. Ал әдіснама /методология/ болса, ол – осы әдіс-тәсілдердің жиынтығын ғылыми тұрғыдан қарастыратын ілім, яғни ол практика жүзінде іске асыратын арнайы әдістер мен тәсілдердің жиынтығын теориялық ережелер арқылы дәлелдейді және осы ережелерге қатысты басты ұстанымдардың түп қазығы, негізі болып табылады.

Қазақ әдебиетін оқыту ұстанымдары – осы саладағы заңдылықтарға, оқытудың мақсаты мен маңызына, басты бағытына сүйенеді. Мектептік

жүйедегі пәндерді оқытуда әдіскер-ғалымдар ұстанымдарды төмендегідей төрт топқа бөліп қарастырады:

- 1) әдіснамалық ұстанымдар;
- 2) ғылыми ұстанымдар;
- 3) психологиялық ұстанымдар;
- 4) жеке дидактикалық ұстанымдар.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда аталған төрт топқа қатысты ұстанымдардың бәрі ескеріледі. Оқулықта берілген білім мазмұнын меңгертуде оқытудың ғылымилық, түсініктілік, жүйелілік, сабақтастық, іс-әрекеттілік, пәнаралық ықпалдастық, сабақтастық, оқытудың көрнекілік ұстанымы және т.б. дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынып, оқушылардың бейіндік ерекшеліктері ескеріледі. Оқытудың барлық деңгейлерінде жалғасын табатын сабақтастық ұстанымы пәндік білім мазмұнын меңгертудің әдіснамалық және әдістемелік қағидаларынан көрінеді. Қазақ әдебиетін оқытуда түсініктілік ұстанымы оқушылардың өзіндік қабілеті мен ерекшеліктерін ескере отырып үйлесімді психологиялық ахуал тудыруға мүмкіндік жасайды. Бұл ұстанымдар әдебиетті оқытуда мектептік жүйенің барлық деңгейлерінде шешімін тапқан. Мәселен, оқушыларды Абай шығармашылығымен таныстыру бастауыш мектептен бағдарлы мектепке дейінгі аралықта жалғасып жатады.

Оқушылардың тұлғалық жетістіктерін ескеру ұстанымы күрделі тапсырмаларды шешуге, өздік жұмыстарды орындауға бағытталып, оқушылардың күтілетін нәтижеге жетуіне мүмкіндік береді. Тұлғаның жеке қабілетін ескеру ұстанымы тіке байланыс ұстанымына негізделеді. Бұл қағида оқыту әдісінде оқушының жеке басына тән барлық қасиеттерді психологиялық, педагогикалық тұрғыдан зерттеуге және онымен үнемі санасып отыруға негізделеді. Барлық оқыту жүйесі оқушының зердесіне, ынтасына, қабілетіне қарай бейімделеді. Адамның жеке қабілетін ескеру оқушының істеген жұмысын тексеру не бағалаған кезде оның кемшіліктерінен гөрі жетістіктеріне көбірек көңіл бөліп отырғанды қажет етеді. Оқушының жеткен жетістігін, табысын атап өту арқылы мұғалім оның ынтасын, қабілетін, өзіне деген сенімділігін арттырады. Оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағды беруде олардың психикалық қасиеттері, оқуға бейімділігі мен икемділігі ескеріледі. Мұғалім әрбір сабақтың үстінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізеді. Сабақты нашар және орта меңгерген оқушыларға жеке тапсырмалар береді. Әрбір баланың темпераментін назарға ала отырып жұмыстар орындатады. Бұл ұстаным – әдістемелік әдебиеттерде жан-жақты сөз болып жүрген қағидалардың бірі. Осыған орай оның өзіндік белгілері мен түрлері, ерекшеліктері т.б. айқындалған. Аталған ұстаным көркем шығармаларды оқытуда да өте тиімді.

Жұмыс түрлерін айқындау ұстанымы мұғалімнің жан-жақты ізденуін, алдына нақтылы міндет қоя отырып, әр сабақтың мақсатын айқындап алуын талап етеді және оқыту барысында мұғалімге еркіндік береді, белгілі бір мақсатқа орай мұғалім жұмыстың түрлері мен талабын оқушының жеке

басының қажеттілігіне сай жетілдіріп не азайтып отыруына болады. Бұл ұстаным бойынша әдебиетті оқытуда шығармашылық тапсырмалардың түрлендіру, күрделендіру немесе керісінше ықшамдау, жинақтау әр баланың өзіндік қабылдау қабілеттеріне сәйкестендіру қарастырылады. Мәселен, поэзияны оқытуда бағдарламадағы Ә.Тәжібаев, С.Мәуленов, Ж. Молдағалиев, М.Мақатаев, Қ.Мырза-Әли өлеңдерін оқушының оқырмандық қабілетіне қарай саралап беруге болады.

Оқытудың көрнекілік ұстанымы. Сабақта көрнекі құралды ұтымды пайдалана білу – сабақтың сапасын жақсартады. “Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық” деген халық даналығы осыны аңғартады. Көрнекіліктер оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтырады. Ол оқушының зат, құбылыс, туралы түсінігін нақтылай түседі, бақылау қабілетін жетілдіріп, ақыл-ойын дамытады. Әдебиет сабақтарында бұл ұстаным үнемі назарда болуы тиіс.

Оқушылардың танымдық мотивациясын қалыптастыру ұстанымы оқушылардың жаңа білімді игеруі арқылы жүзеге асады. Бұл ұстаным оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамытуды көздейді. Әртүрлі бағыттағы жұмыстар арқылы оқушылардың ғылыми-теориялық, диалектикалық ойлауын, ғылыми түсінік жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Оқушыға қажет, пайдалы материалдың пән мазмұнына негізделуі танымдық мотивация ұстанымына сүйенеді. Оқушылардың танымдық мотивациясын қалыптастыру рефлексия мен жалпы мақсаттарды ұғынып іске асыру арқылы шешіледі. Сабақ барысында кері байланыс мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы, оқушы-мұғалім формасы арқылы жүзеге асады. Оқушылардың танымдық мотивациясын қалыптастыру үшін түрлі ойындарды, әлеуметтік-психологиялық жағдаяттарды қолданған ұтымды. Көркем шығармаларды оқырмандық әрекетке бағыттай отырып оқыту оқушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыруға, өзіндік ой қорыта алу құзыреттіліктерін жетілдіруге көмектеседі. Мәселен, М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, І.Есенберлин, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, Қ.Жұмаділов т.б. оқулықта берілген қаламгерлердің шығармаларына оқырмандық қызығушылық тудыра отырып оқыту олардың эпикалық романдардағы мазмұнды жаңа білім ретінде және танымдық құрал ретінде қабылдауларына септігін тигізеді.

Сенімділік қабілетін дамыту ұстанымы оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушының өзіне деген сенімділігін күшейтіп, ұжым алдында өзін-өзі ұстап, пікір айту, талас тудыратын даулы мәселелерді шешуде әділ тоқтам жасай білу дағдысын жетілдіреді. Шығармашылық ұстанымы құзыреттілікке бағытталған әр түрлі тапсырмаларды өздігінен орындау білігін қалыптастыруды нысана тұтып, оқытудың қай ұстанымы болмасын оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл ұстанымдар мектептегі әдебиетті оқытуда жетекші әдістемелік мәнге ие десек те болады, өйткені әдебиетті оқытудың өзі шығармашылық деген ұғымға саяды.

Оқытудың іс-әрекеттілік ұстанымы білім алушылардың танымдық әрекетін дамытып, олардың өз әрекетін өзі бақылай алуының қалыптасуына негіз болады. Ал іс-әрекеттілік ұстанымы көркем шығармаларды оқыту барысында оқушылардың нақты бір идея төңірегінде өзіне жақын мәселелерді шешуге көмектесетін әдістерді таңдауымен ерекшеленеді.

Пәнаралық интеграция ұстанымы берілетін білім мазмұнының нәтижелілігі мен оқытудың сапалық деңгейін танытады. Пәнаралық байланыс ұстанымы оқушының әдеби білімін өзге пәндер аясында толықтыруына септігін тигізеді. Сол себепті әдебиеттің басқа пәндермен ықпалдастығы оқушының интеллектуальдық-танымдық, іскерлік сапаларын, шығармашылық әрекетін, қарым-қатынастық біліктілігін, әлеуметтенуге бейімділігін, эстетикалық, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуға септігін тигізеді. Қазіргі оқыту үдерісінде аралық интеграция ұстанымы салалық білімдер аясында аса маңызды деп танылады. Мәселен тіл, әдебиет, тарих пәндерінің кіріктірілуі арқылы кез келген көркем шығарманың мазмұндық құрылымындағы ерекшеліктерді, көтерілген мәселені, кейіпкердің мінез-құлқын, көркем ойлауын талдауға болады.

Оқыту үдерісі – пән мұғалімі мен оқушылардың бірлесіп жасайтын іс-әрекеттерін қамтитын екі жақты үдеріс. Оқыту үдерісі – білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді, оқушылардың дүнетанымын, потенциалын, жеке қабілеттерін тәрбиелеп дамытатын іс-әрекет. Оқу барысында білім алушының сана-сезімі, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық талғамы, тұлғалық қасиеттері қалыптасып дамиды. Бұл қасиеттер оқытудың психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерімен сабақтаста болуы шарт. Оқытудың басты мақсаты, әдіс-тәсілдер, мазмұн, міндеттер негізінде қоғам талабынан туындайтын мәселелерді шешуге үйрету. Оқыту – таным үдерісі, яғни білім алушының білімге деген қызығушылығын дамытады.

Оқытудың міндеті – білім алушыны қоршаған ортамен және адам дамуының негізгі заңдылықтарымен қаруландыру. Оқытуда ғылым негіздерін оқып үйренудің өзі, ғылым тарихымен, оның әдістерімен танысу, ұлы ғалымдардың өмірі мен қызметі жайлы ақпарат алады. Яғни, оқыту – дамудың негізі. Оқыту тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл-ойы мен шығармашылық қабілетін, демек біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Мұның мәнісі, жеке тұлғаға кешенді ықпал жасауды көздейді. Осы негізде, оқыту үдерісінің бірінші қызметі – оқушыларға білім беру. Білім беру, біріншіден, ғылым негіздеріне сай білім алушыларды нақты фактілермен, қағида және түсініктермен, заңдылықтармен қаруландыруды қамтамасыз етсе, екіншіден солардың негізінде, айналасындағы әртүрлі құбылыстарға олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру. Екінші қызметі – тәрбиелеу. Оқыту барысында білім алушыларды теориялық білімдер жүйесімен қаруландырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып дамыту. Сонымен бірге оқыту барысында тәрбиенің мақсат, міндеттері және мазмұны мен тәсілдері анықталады. Демек, тұлғаға білім бере отырып, оны тәрбиелейміз, тәрбиелей отыра білім береміз. Сөйтіп, тәрбие үдерісі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқыту барысында қолайлы ықпал етеміз, соның

негізінде тұлғаның танымдық қызметі мен оқуға деген қызығушылығы артады. Үшінші қызметі – дамыту. Оқыту барысында оқушыларға білім беру оларды тәрбиелеу негізінде тұлғаның ақыл-ойы, сана-сезімі, шығармашылық қабілеті т.б. Көптеген тұлғалық қасиеттерінің дамуына біліктіліктері шындалып, қабілеттерінің артуына оң әсер етеді. Демек, тұлға жан-жақты қалыптасып дамиды (байқағыштығы, ойы, есі, қиялы, яғни психикалық үдерістері де қарастырылады) [1].

Қазақ әдебиеті сабақтарында көркем шығармаларды оқыту барысында мектеп оқушыларының оқырмандық қабілетін дамыту олардың әдеби шығарманы көркемдікпен қабылдауын жан-жақты дамыту бағытында жүзеге асырылатын күрделі үдеріс. Оқушы-оқырмандардың оқырмандық қабілетін дамыту, көркемдік қабылдауын дамыту ісі әдебиет сабақтарында орындалатын мұғалімнің негізгі міндеті болуы керек. Кез келген өнер туындысын көркемдікпен қабылдау шығармашылық үдеріс. Оны әр қырынан қарастыруға болады. Бұл ретте аталған мәселені философиялық, эстетикалық, әдебиеттанушылық, өнертанушылық, психологиялық, әдістемелік, әлеуметтік, тағы басқа ғылымдар тұрғысынан қарастыруға болады. Орыс ғалымдары Б.С.Мейлах, Н.Д.Молдавская т.б. бұл мәселеге осы тұрғыда келу шығармашылық көркем ойлаудың заңдылықтары мен өнер туындысын көркемдікпен қабылдау заңдылықтарының арақатынасын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретіндігін атап көрсетеді [2,231б]. Орта мектепте өтілетін әдебиет курсы тарихи-әдебиеттік ұстанымға құрылған. Мұнда қандай жанрдағы шығарма болмасын тарихтың белгілі бір кезеңіне тән қоғамдық дамудың нақтылы сыр-сипатынан, халықтың дәстүрлі мәдениетінің бай құнарынан бастау ала отырып, сол дәуірдің көркем картинасын көрсететіні белгілі. Осы ретте, оқушылар әдеби білім арқылы халық тарихының шежірелі беттерін қоғамдық-әлеуметтік, көркем-философиялық, мәдени-эстетикалық болмыс-бітімімен көркем шығармалар арқылы танысуға мүмкіндік алады. Сондықтан осы мәселеге жету үшін әдебиет сабақтарында оқушы ойын бір жүйеге салу, оны жан-жақты оқыту мақсат етіледі. Әдебиет пәнінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде академик С.Қирабаев: «Әдебиет сабағы арқылы бала әдеби шығарманы оқып қана қоймайды, ол жөнінде ойлануға, оны түсінудің ғылыми принципімен танысуға мүмкіндік алады. Әдебиет пәні бойынша жасалған соңғы өзгерістердің өзі жеке шығарманы оқыту мен әдеби үдерістің дамуы жайындағы оқушы түсінігін ғылыми жүйеге салу болып табылады», – деп оқушының ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастырмай тұрып, әдеби туындыны ғылыми-танымдық, көркемдік-эстетикалық тұрғыда қабылдай алмайтынымызды ескертеді [3]. Сондай-ақ жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларының оқырмандық қабілетін дамыту мәселесін ғылыми-теориялық, педагогикалық-психологиялық, оқу-әдістемелік тұрғыда зерттеген еңбектерінен түйгеніміз оқушылардың көркем шығармаға деген қызығушылығын, әдебиетті оқуға деген ынтасын дамыту үшін алдымен олардың жеке даралық ерекшеліктерін, психикалық әрекеттерін, әдеби бейімділік қабілеттерін жүйелі түрде дамыту керек, сонда ғана оқушыларды

шығармашыл оқырман ретінде дамытуға болады деген ортақ тұжырым жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Рубинштейн С.Л. Воспитание читательского интереса школьников. – М., 1950. – С.75-77.

2 Молдавская Н.Д. Литературное развитие школьников в процессе обучения. – М.: Педагогика, 1976. – 224с.

3 Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1979. – Б.42-44.